

ОЖСӨЖ тақырып № 4: Өсімдік атауларынан төрт түлікке қатысты жасалған тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамасы

Сабақтың мақсаты: Этнолингвистиканың нысаны болып табылатын халық болмысы, халық мінезі, халық танымы тұрғысынан өсімдіктер атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерге тоқталу, этнолингвистикалық талдау жасау

Негізгі сұрақтар:

1. Тарихи оқиғаға қатысты өсімдік атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаты
2. Салт-дәстүр, дінге қатысты ӨБТТ
3. Халықтық өлшемге қатысты ӨБТТ
4. Өсімдіктің түр-түсіне, жан-жануарларға байланысты қалыптасқан ТТ-ң этнолингвистикалық сипаты

Тапсырма:

1. Тарихи оқиғаға қатысты қалыптасқан тағы басқа қандай тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді білесіз?
2. Қазақ тіліндегі уақыт, кеңістік өлшемдерінің негізгі ерекшеліктері неде?
3. Сөздің құдіретін, тілдің қасиетін қандай этнолингвистикалық бірліктерден байқауға болады?

Тілімізде ғасырлар бойы қалыптасқан, көркем сөз қазынасының бір құнарлы, мәйекті қорына айналған, әрі бай, әрі сан алуан тұрақты тіркес ішінде өсімдікке байланысты тұрақты тіркестер де ерекше орын алып, қазіргі таңда өзекті тақырыптың біріне айналып отыр.

Табиғаттың, әсіресе, өсімдік дүниесінің адамға тигізетін әсері ерекше. Оны «Табиғат» идеографиялық тобына жатқызуға болатын өсімдік атауларынан және өсімдікке байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестерден көруге болады (бұдан былай ӨБТТ). ӨБТТ-тер қалыптасуын, тілдік қолданысқа енуін негізге ала отырып, өзара топтастыруды да қажет етеді. Себебі, ана тілі сөздік қорының мәйегі саналатын тұрақты тіркестерді (бұдан былай ТТ) жан-жақты зерттеп, тақырыптық, мағыналық топтарға жіктеу арқылы ғана халықтың тіл байлығын, өмірін, кәсіби білгірлігін анықтауға болады. Бұл жүйеде топтастыру барысында ӨБТТ-дің халық тұрмысындағы әдет-ғұрпын, салтын, наным-сенімін, ырым-сырымын, шаруашылық жүргізу дәстүрін, тарихи оқиғалар үрдісін, ұлттық ерекшеліктер мен т.б. қасиеттер белгісін айқындауға қатысы барлығын байқауға болады. Өсімдіктердің ерекшеліктері мен олардың өздеріне тән атқаратын қызметіне байланысты

бірнеше топқа бөліп қарау-тіл білімі дәстүрінде бар принцип. Бұл ӨБТТ-дің де табиғатын терең түсінудің жолы, тәсілі болып саналады. Этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеліп отырған ӨБТТ-ді, тақырыбымызға лайықты бізге дейін халық санасында жіктеліп қойған топтарды, яғни халықтық тұрғыдан топтастыруды дұрыс деп ойлаймыз.

Топтастырудың осы бір тәсілі арқылы біз ұлан-ғайыр тілдік деректердің тереңінен өзімізге керектілерін бөліп алып, оның табиғатын жан-жақты қарастыруға, сырына тереңірек үңіліп, тілдік сипатын, ішкі мазмұнын айқындай түсуге мүмкіндік аламыз.

Есеп беру формасы: жазбаша жұмыс

Тапсырманы орындау және студенттердің білімін бағалау мерзімдері: 9 апта